



2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне N 28 өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 540 бұйрығы ("Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері", 2001 ж. N 6, ст.324) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1389

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 8 қарашадағы "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000095_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990473_ Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қарашадағы N 1733 P001733_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 P991872_ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

"1.2.217.36 Объектілерді жекешелендіруге дайындау, мемлекеттік

мүлікті жекешелендіру мен басқару жөніндегі рәсімдерді өткізу" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2.217.36 Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару және мемлекеттің жекешелендіруден кейінгі қызметі";

"1.2.219.41 Кеден бекеттерінің құрылысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2.219.41 Кеден бекеттерінің, Кеден комитетінің инфрақұрылымының және объектілерінің құрылысы";

"1.2.219.42 Кеден органдарын материалды-техникалық жағынан қамтамасыз ету" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2.219.41 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі органдарын материалды-техникалық жағынан қамтамасыз ету".

2. Заң қызметі департаменті (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет департаменті (Е. Бахмутова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.